

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ БІЛІМ ОШАҒЫ

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі <https://www.kaznu.kz> ерекше кафедралардың бірі. Мұнда шетелден келген қандастарымыз бен шетел азаматтары білім алады. Бұл азаматтар кафедраларымызда бір жылғана білім алады, алайда соған қарамастан олар осы білім ошағына қатты бауыр басып қалады. Оқуға түсіп студент атанса да, оқуды бітіріп қызметте жүрсе де біздің кафедрамен байланыста болады. Енді кафедрамыздың тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің жалпы білім беретін кафедрасы 1985 жылдың маусым айында КСРО-ның Жоғарғы және орта арнаулы білім беру Министрлігінің № 425 бұйрығымен құрылған болатын. Басты мақсат шетел азаматтарын Кеңес одағының Жоғарғы оқу орындарына оқуға түсуге дайындау. Алғашқы уақытта шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің жалпы білім беру кафедрасында орыс тілі, физика, математика, химия, т.б. пәндері бойынша білім берді.

1995 жылы тыңдаушылардың сан жағынан артуына байланысты жалпы білім беру кафедрасының оқытушылар құрамын арттырып, жаңа міндеттерді қолға алды. 2001 жылдан бастап кафедра жұмысы жаңа бағытты яғни шетелден келген Қазақ диаспора өкілдеріне арналған дайындық бөлімінің жұмысын міндетіне алды. Бұл ел басы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен шетелде қазақ диаспора өкілдерін Атамекенге шақырып, өз елінің азаматы атануына жоғарғы оқу орындарында білім алуына үлкен мүмкіндік берді. 2002-2003 оқу жылында жалпы білім беру кафедрасында оқытушы профессорлық құрамы артып Қазақстан тарихы, жалпы тарих, елтану, математика, информатика, физика, химия, биология, география пәндері бойынша дәріс берді. Кафедра шетелдіктерге және қазақ диаспора өкілдеріне дәріс бергендіктен оқыту әдістемелері әртүрлі бағытта қиындықтар туындады. Осы мәселені ескерген университет басшылығы 2009 жылдың ақпан айынан бастап қазақ диаспора өкілдеріне арналған дайындық кафедрасын өз алдына бөлек құрды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 27.02.2009 жылғы № 4 шешімімен 10.02.2009 жылғы ректордың №20 бұйрығына сәйкес кафедра «Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы» деп аталды. Міне сол уақыттан бері кафедра өз жұмысын жасап келеді. Көптеген қандастарымызға Қазақстанның жоғары оқу орнының білім грантын ұтып алуына септігін тигізіп келеді. Бір жылдың ішінде оқытушы мен тыңдаушылар бір отбасыдай болып кетеді.

2010 жылдан бастап ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Ауғанстан Ислам Республикасынан тыңдаушылар мемлекеттік бағдарлама бойынша білім алуда. Кафедра оқытушыларының аянбай төккен терінің арқасында ауғандар бір жылдың ішінде қазақ тілін емін-еркін сөйлейтін дәрежеге жетеді. Кафедрамызда білікті, жоғары дәрежелі оқытушылар білім береді. Кафедра көп салалы болғандықтан, жан-жақты байланыста жұмыс жасайды. Оқытушылар тек қана білім беріп қана қоймай ғылыммен айналысады, тәрбие жұмыстарын қатар алып жүреді, университет тарапынан ұйымдастырылатын түрлі іс-шараларға белсенді түрде қатысып отырады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары Ибрагимов М.Н., Тастемирова Г.А., Мужигова Г.М.

Қазақстандағы деректану ғылымының қалыптасуы мен дамуына пр. Қ.М.Атабаевтың ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тарихымыздың іргетасы болып саналатын деректану ғылымының Қазақстанда дамуына өзіндік үлес қосып, қазақтың ұлттық тарихының болашағы туралы ойлаған ғалым - Қамбар Махамбетұлы Атабаевтың өмірден озғанына міне, бірнеше жыл болды. Көзі тірі болса, осы жылы ғалым 75 толған мерейлі тойын салтанатты түрде атап өтер еді. Ғалымның хаты, жақсының аты өшпейді деген қазақтың сөзі Қамбар Махамбетұлына арналғандай. Ол Ұлттық тарихымыздың қайнар көзі деректерді танып-білмей, оларды сыни тұрғыда талдамай шікі түрінде пайдалану тарихты бұрмалауға алып келеді деп жиі айтатын. Деректану ғылымының теориялық-методологиялық негіздерін жетік меңгеріп, Франция, Германия, Австрия, Испания, Ресей мен Украинадағы бұл ғылымның даму бағыттарын зерделей келіп, Қазақстандағы деректану мектебінің қалыптасып, даму ерекшеліктерін зерттеп, негізгі әдістемесін қалыптастырды. Сонау ежелден бүгінге дейінгі әр бір тарихи кезеңдегі пайда болған деректің өзіне тән ерекшелігіне сай пайдалану әдістемесінің формуласын жасап, нақты қолдану жолдарын көрсетті. Деректанудың заңдылықтарын, әдістері мен принциптерін, ішкі және сыртқы сын, деректерді классификациялау, шынайылық деңгейін анықтау мәселесінің бүге-шүгесін келешек кәсіпқой тарихшы мамандарға үйретіп, шәкірттер дайындады. Әсіресе, деректанулық терминдер мен ұғымдардың қазақ тілінде қалыптасуына аса мән беріп, қазақ тіліне аударылған ғылыми терминдердің мән-мағынасын жан-жақты ашып берді. Әр түрлі кезеңдерде пайда болған деректерді: фольклор, жылнама, ежелгі дәуір әдебиеті, Орхон-Енисей жазбалары, мерзімді басылымдар, заманхат, саяси қуғын-сүргін құжаттарын, заң актілерін және т.б. дерек ретіндегі маңызын, құндылығы мен түпнұсқалығын, зерттеу жолдарын және тиімді пайдалану методтарын жүйелі түрде көрсеткен болатын.

Шлеер, Шлеймахер, Нибур, Фон Ранке, Бернгейм, Ланглау, Сеньобос, Карамзин, Татищев және т.б.

тарихшылардың еңбектеріндегі деректерге қатысты айтылған ойларын, жасаған ғылыми тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, Қазақстанда деректанудың пайда болуын, қалыптасып, дамуын салыстыра талдап, жан-жақты ашып көрсетті. Қазақстанда деректану ғылымының бастауларын сонау Ш.Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е.Бекмаханов, О.Сүлейменов және т.б. ғалымдар мен зиялы қауым мүшелерінің, жазушылардың еңбектерінен тауып, олардың көзқарастарында, зерттеу әдістерінде деректанудың негізгі әдіс-тәсілдерін көрсете білді.

Қ. Атабаевтың «Деректану негіздері», «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері», «Деректану», «Деректану пәнін оқыту методикасы», «Ұлт және тарих», «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж)» және т.б. еңбектері мен екі жүзден аса ғылыми-теориялық және түйінді мәселелерге арналған мақалаларының келешек тарихшылар үшін құндылығы жоғары екендігінде дау жоқ. Әсіресе, Алаш зиялы қауым өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын, баспасөздің қалыптасуына қосқан үлесін зерделеп, бүркеншік аттардың кімге тиесілі екендігін деректанулық талдау негізінде анықтап берді.

Профессор Қ.Атабаевтың басшылығымен 1998 жылы І қыркүйегінен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында Қазақстанда тұңғыш рет «Деректану және тарихнама» кафедрасы жұмыс істей бастады. Бұл кафедрада Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ғылыми жобалар іске асырылып, халықаралық және республикалық конференциялар өткізілді. Кафедрадан бакалавр, магистрлер мен аспиранттар, докторлар зерттеулерін сәтті қорғап, түлеп ұшты. Республикалық Ұлттық деректану орталығын ашу үшін де деректанушы ғалымның аз жүгірмегенін бәріміз білеміз. Қамбар Махамбетұлы Мемлекеттік хатшы мен парламентке хат жолдап, мемлекеттік деңгейде тарихтың негізгі мәселелерін шешуге қомақты үлес қосты.

Жыл сайын өзі бастап берген дәстүрлі «Тарихымызды деректану арқылы таныық» атты жоғарғы оқу орындары студенттері арасында республикалық зияткерлік сайыс өтіп тұрады. Сайыстың өткізудегі негізгі мақсат – жоғарғы курс студенттері мен магистранттары арасында деректану ғылымын насихаттау және жастардың тарих ғылымына деген қызығушылығын арттыру болып табылатын.

Сайысқа республиканың жоғарғы оқу орындарының,

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Республика күні қайта жанданып, ұлттық мереке ретінде бекітілді. Атаулы мереке Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде екі күнге жалғасын тапты. Мерекелік шараға оқытушы-профессорлар құрамы мен шетелдік мұғалімдер, 1000-нан астам білім алушы жастар қатысты. Мақсат – білім алушы жастардың бойындағы патриоттық сезімді ояту, елін, жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеу. Алғашқы күні Ө.А.Жолдасбеов атындағы студенттер сарайында от жалынды жастардың әсем әнмен әуелеткен мерекелік кеште Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастарды Республика күнімен құттықтап, бірқатар ұстаздар қауымын ерең еңбегімен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Республика күнін атап өтті



марапаттады. Өз сөз кезегінде “Баршаңызға мықты денсаулық, әр шаңыраққа бақыт-береке тілеймін”, – деді университет басшысы. Мерекелік кеште ұстаздармен бірге шетелден келген профессорлар да болды, шетелден келген қонақтар қазақ халқының қонақжайлылығымен қатар әсем әуен мен күмбірлеген күйден алған әсерлерімен бөлісті. Ертеңі мерекелік шара “Алтын күз” жәрмеңесімен “Фараби” кітапхана ауласында жалғасын тапты. “Фараби” кітапханасы алаңында болған күзгі марафонға университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы, шетелдік мұғалімдер мен білім алушы жастар қатысты. Күзгі спартакиада картасындағы квест ойыны қызықты әрі көңілді болды, марафон соңында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев 1000 қатысушының арасынан суырылып шығып, алғаш келген жеңімпаздарға арнайы кубоктар мен Алғыс хаттар табыстады. Жастар арасында шахмат, қазақша күрес, еркін күрес, тоғызқұмалақтан жарыс ұйымдастырылып жеңімпаздарға кубоктар берілді.

Сондай-ақ қатысушылар мен қонақтар ҚазҰУ-дың «Алтын күз» жәрмеңесінде бой көтерген қолөнер бұйымдарының бірегей үлгілері мен түрлі ұлттың тағамдарымен танысты. “Алтын күз” жәрмеңесіне ұлттық қолөнер бұйымдарын Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің атынан факультетімізде бой көтерген “Жас шебер” студент стартабыда жәрмеңкеге өз туындыларын алып шықты. Көрмеге қойылған түрлі қолөнер бұйымдары шетелден келген қонақтардың көңілінен шығып, жәрмеңкеге қатысушылар арасында жоғары бағаға ие болды. Екі күнге жалғасын тапқан іс-шара Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің қатысуымен өткен мерекелік шерумен аяқталды. Студенттер республика бойынша басталған челленджді қолдап, Қазақ елінің туын ұстап, Әл-Фараби даңғылынан «Мәңгілік ел» аркасына дейін мемлекеттік Әнұранды шырқады. Осылай екі күн қатар тойланған Республика күніне арналған мерекелік кеш өз мәресіне жетті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары: Саткенова Ж.Б., Нусупбаева С.А., Буланова Т.М.

атап айтсақ; Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, «Тұран» университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттары мен студенттері қатысады. Іріктеу турына Алматы қаласының барлық ЖОО студенттері келуге тырысады. Қ.Атабаевтің басшылығымен ұйымдастырылған бұл сайыс екі турдан тұрды. Бірінші турда деректану пәні бойынша тест тапсырды, одан іріктелгені келесі кезеңге жолдама алады. Екінші турда деректану ғылымының қолданбалы бағыттары бойынша мәселелер көтеріліп, қатысушылар өз ойларын білдірді, презентация жасап, қойылған сұрақтар арқылы білімін сынға салған студенттер мен магистранттар өздерінің деңгейін байқатады. Жеңімпаз студенттерге Қамбар Атабаев атындағы шәкірт ақы беріледі. Ақшалай сыйлықтармен қоса екінші және үшінші дәрежелі диплом, жеңімпаздар мен сайысқа қатысушыларға мақтау қағаздары, сертификаттармен бірге естелік сыйлықтар тапсырылады.

Бүгінде бұл сайысты жүйелі өтуіне Қамбар ағамыздың әріптестері мен шәкірттері үлес қосып, дәстүрді жалғап, ғалымның деректану ғылымына қосқан үлесін көрсетуге бағытталған жұмыстарды қолға алуда.

2022 жылдың 25 тамызы күні Қамбар Махамбетұлы Атабаевтың 75 жылға толуына орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих факультетінің ұйғаруымен, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының ұйымдастыруымен Қ.М. Атабаевтың 75 жылдығы халықаралық деңгейде аталып, осыған орай конференция өткізілді. Конференцияға ғалымның әріптестері, шәкірттері қатысып, ғылымдағы Қ.М.Атабаевтың орнын, деректану саласындағы еңбектерін, идеялық жаңашылдығын жан-жақты көрсетіп, ғылымдағы сүбелі үлесін көрсетті.

Деректану ғылымының Қазақстанда қалыптасуы мен дамуына өз үлесін қосып, осы бағытта көптеген еңбектер жазып, шәкірттерін баптаған Қамбар ағамыздың жаны жәннатта, иманды болсын. Ғалымның артынан қалдырған өшпес мұрасы, ғылым саласындағы еңбектері әлі талай тарихшы ғалымдардың қалыптасуына, ғалым ретінде толысуына өз үлесін қосады деп сенеміз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих факультеті
Тасилова Н.А., Байдаулетова М.Д.
ЖОО-дейінгі білім беру факультеті
аға оқытушысы Ибрагимов М.Н.